

## Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмысқа қатысу нысандарын жіктеу өлшемдері мен маңызы

Өзбеков Д.Ө.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье исследуются действующее уголовное законодательство и выделяемые им формы соучастия. Показано, что критерии деления соучастия на указанные формы в законе не обозначены. В литературе также нет четкого ответа на вопрос, какой из объективных и субъективных признаков соучастия определяет его форму. Автор предлагает в качестве основания классификации форм соучастия признать следующие критерии: степень сплоченности соучастников, наличие или отсутствие предварительного сговора и т.д. В целях обеспечения эффективности борьбы с организованной преступностью автором выдвигается ряд аргументированных предложений по совершенствованию УК РК и повышению роли рассматриваемых квалифицирующих признаков.

The article deals with existing criminal law and allocated them to form co-participation, the author shows that the criteria for division of complicity in these forms in the law are not marked. The literature also lacks a clear answer to the question which of the subjective and objective signs of complicity determines its shape. The author offers as a basis of classification of forms of complicity to acknowledge the following criteria: the degree of cohesion partners, the presence or absence of prior agreement, and so on. In order to ensure the effectiveness of baking-control of organization the author puts forward a number of arguments-centered proposals for the improvement of the Criminal Code and the role of consideration of aggravating circumstances.

Ғылыми жұмыстардың өзінде қылмысқа қатысудың нысандарын жіктеудің әлі күнге дейін өлшемдері айқындалмаған, осыған байланысты бұл нысандардың жалпы танылған санағы да қалыптаспаған. Тіпті заң әдебиеттері мен оқулықтарында да, олар бірдей уақытта шығарылса да, қылмысқа қатысу нысандарының әр түрлі жіктеу негіздері мен өлшемдері берілген.

Кенестік кезеңдегі қылмыстық заңның дамуында қатысу нысандары туралы мәселе 40-шы жылдардың аяғы — 50-ші жылдардың басында ғалымдардың назарын аудартты. Бұл кезеңде А.Н.Трайнин «Қатысу туралы ілім» атты кітабында қатысу нысанының төрт мүшелі жүйесін ұсынды: 1) қарапайым қатысу; 2) қатысушылардың алдын ала келісімімен мамандандырылған қатысу; 3) ерекше түрдегі қатысу, яғни қылмыстық бірлестікпен қатысу; 4) ұйымдасқан топпен қатысу [1]. Бұл ғалымның нысандарды бұлай бөлуіне мына өлшемдер себеп болды: қатысушылардың субъективтік байланысының сипаты және қылмыстың қауіптілік дәрежесі, яғни субъективтік өлшемдері. Осы өлшемдер П.И.Гришаев пен Г.А.Кригердің қатысу нысандарын бөлу үшін негіз болып табылды. Аталған ғалымдар революцияға дейінгі зерттеушілерге еліктеп нысандармен бірге қатысудың түрлерін бөлді, бірақ олардың зерттеулерінде бұл тұжырымдама әрі қарай жалғасын таппады.

П.И.Гришаев пен Г.А.Кригер қатысудың нысаны ретінде мыналарды қарауды ұсынды: 1) алдын ала сөз байласпай қатысу; 2) алдын ала сөз байласып қатысу; 3) ұйымдасқан топ; 4) ерекше түрдегі қатысу — қылмыстық ұйым [2; 31]. Қылмысқа қатысудың түрлеріне олар қарапайым және күрделі қатысуды жатқызды. Қарапайымдылықта барлық қатысушылардың әрекеттері бірдей және қылмыстың құрамын орындауда тікелей қатысумен айқындалады. Күрделіде қатысушылардың арасында рөлдерді бөлу орын алады, соның нәтижесінде әрқайсы өзіне тиісті сипаттағы іс-әрекеттерді орындайды.

Алайда жоғарыдағы ғалымдардың ой-пікірлерін ескере отырып, Г.А.Кригер бөлген төртінші нысан қылмыстық ұйымды қылмыстық сыбайластыққа өзгертіп, одан әрі қатысушылардың түрлерін бөлуден бас тартып төрт мүшелі нысанды жақтайтын позицияны ұстанды [2; 256].

Субъективтік өлшемдер негізінде А.А.Пионтковский тек екі нысанды бөлуді ұсынды: 1) алдын ала сөз байласпай қатысу; 2) алдын ала сөз байласып қатысу, бұл көрсетілген нысан алдын ала сөз байласып қарапайым қатысу, ұйымдасқан топ және қылмыстық ұйым немесе бандамен болуы мүмкін [3].

П.И.Гришаев пен Г.А.Кригердің жіктеуінен А.А.Пионтковскийдің жіктеуінің ерекшелігі, бірінші жіктеуде топ пен ұйым бір нысанның әр түрі ретінде қарастырылады, екіншісінде аталған әр түрлік жеке нысан ретінде берілген.

А.А.Пионтковский қатысу нысандарын жіктеуде нысанның ішкі қайшылықтарының жоқтығын көрсетіп, қылмысқа қатысудың мәні бойынша түрлерін анықтады. Бірақ бұл ғалымдар көрсетілген нысандардың түрін әрі қарай зерттеуді жалғастырмады. Көрнекті ғылыми жұмыстарда субъективтік өлшемдерді қорытындылауда қатысу нысанын жіктеуге байланысты тұжырымдарды П.Ф.Тельновта қолдады. Оның айтуынша, «мамандар тұжырымы бұл мәселе бойынша екі негізгі көзқарастарға бөлінеді. Олардың біреуінің жақтастары қылмысқа қатысуды алдын ала келісімсіз және алдын ала келісіммен қылмысқа қатысу деп екіге бөлуді жөн көреді. Соңғы қылмысқа алдын ала келісіммен қатысу нысанын түсінуде олардың тұжырымдары бөлініп кетеді: бір ғалымдар оған ұйымдасқан топ пен қылмыстық қауымдастықты қосса, басқа ғалымдардың ойы бойынша, бұл соңғы екеуі де қылмысқа қатысудың дербес, өз алдына жеке нысандары ретінде санады. Екінші көзқарас ұстанушылары қылмысқа қатысу нысандары ретінде қоса кінәлілікті, тар мағынасындағы қылмысқа қатысуды (немесе әр түрлі рөлдерді орындау мен қылмысқа қатысу) және қылмыстық қауымдастықты таниды. Қатысу нысанының бірінші әдісін қолдаушы мамандар жіктеудің бірнеше әр түрлі өлшемдерін көрсетеді (субъективтік байланыстың дәрежесі, келісімдік, беріктік), бірақ, ақыр аяғында, ұқсас шешімге келеді, олардың барлығы іс-әрекет нысандарын ең бірінші субъективтік элементтері бойынша кінәлілердің арасындағы алдын ала келісімнің бар немесе жоқ екендігіне байланысты ажыратады» [4] дейді.

Сонымен қатар П.Ф.Тельнов қатысудың төрт келесі нысанын ұсынды: 1) қоса орындаушылық; 2) әр түрлі рөлдерді орындаумен қатысу; 3) қылмыстық топ; 4) қылмыстық ұйым.

А.А.Пионтковскийден, П.И.Гришаевтен және Г.А.Кригерден П.Ф.Тельновтың жіктеуінің ерекшелігі, жіктеу негізі ретінде ол бірігу дәрежесі емес қатысушылардың арасындағы ықпал ету тәсілін бөлді.

Қатысушылар арасындағы ықпал ету сипаты М.И.Ковалевтің өзінің жіктеуін құрастыруға негіз болды. Ол екі қатысу нысанына тоқталуды ұсынды: 1) қоса кінәлілік; 2) рөлдерді бөліп қатысу [5].

Қатысу нысандарын жіктеудің өлшемдерін белгілеуде В.С.Прохоров ұқсас позицияны ұсынды. Ол қатысу нысандары тұлғалардың арасындағы байланыстың сипатын, оның құрылымын емес, тұлғалардың біріккен әрекеттерінің субъективтік байланысының құрылымдық арнайы қасиетін айқындайды дейді.

М.И.Ковалевтің жіктеуінен В.С.Прохоровтың жіктеуінің ерекшелігі, ол қатысудың тағы бір нысаны — қылмыстық ұйымды қосты.

В.С.Прохоров пайымдауынша, «біріккен қылмыстық әрекет» үш нысанда айқындалады: 1) қарапайым қатысу; 2) күрделі қатысу; 3) қылмыстық ұйым.

Ал отандық ғалымдар Е.И.Қайыржанов, Б.Ж.Жүнісов, А.Н.Ағыбаев және тағы басқа ғалымдар өздерінің ғылыми жұмыстарында қылмысқа қатысу нысандарын бөлуде біртектес түрлерін бөледі және олар осы жоғарыда аталған ғалымдар жіктеулеріне ұқсас.

Ғалымдардың талқылауларына тоқталсақ, бірінші нөмірге А.Н.Трайнин қарапайым қатысуды бөлді. Ал П.И.Гришаев пен Г.А.Кригер пікірінше, А.Н.Трайнин қоса орындаушылыққа жеткілікті көңіл бөлмеген, бірақ олар қоса орындаушылық қарапайым қатысушылық аясында болу мүмкін екендігін жоққа шығарған жоқ.

А.Н.Трайнин қарапайым қатысу деп алдын ала келісімсіз қатысуды ұстанды. Осыған ұқсас қатысу нысанын А.А.Пионтковский, П.И.Гришаев, пен Г.А.Кригер бөлді. Сонымен қатар аталған авторлар алдын ала келісімсіз қатысу қоса орындаушылыққа тән деп есептеді. П.И.Гришаев пен Г.А.Кригердің пікірлері бойынша, көп жағдайда алдын ала сөз байласпай бірнеше адамдардың бірігіп қылмыс жасауында барлық қатысушылардың арасында бірыңғай қылмыстық әрекет орын алады, яғни қоса орындаушылық. Нысандарды жіктеуде бірінші орынға қоса орындаушылықты қойған авторлар қатысу бұл кезде сөз байласусыз болды деп тұжырымдайды. П.Ф.Тельнов жазғанындай, қоса орындаушылықтың көп бөлігі алдын ала келісімсіз жасалады.

Бұдан қарапайым қатысу, яғни алдын ала келісімсіз қатысу, қоса орындаушылық түрінде және рөлдерді бөлумен қатысу түрінде, сондай-ақ керісінше болуы мүмкін.

Н.Г.Ивановтың пайымдауынша, «мұндай қатысу нысандарын бөлуді қабылдауға болмайды, себебі ол теорияда аяқталмайтын ғылыми талқылауларға және тәжірибеде әр алуан шешімдерге әкеп соғады».

Алайда, А.П.Козловтың пікірінше, «бұл жерде барлығы керісінше, тек осылай ғана біз теориядағы ғылыми талқылауларды аяқтап, соттық тәжірибені бір ізге сала аламыз. Сондықтанда осындай ереже қабылдануы қажеттігін және қандайда бір құбылысты әр түрлі негізде жіктеу сол

құбылысты талдауды бай ететіндігін, әр түрлі деңгейдегі сыныптарды бір уақытта қолдануды жоққа шығармайтындығын айтып, мұндай әр түрлі деңгейдегі бірнеше негіздегі жіктеуді біз қылмысқа қатысуда кездестіреміз. Соған байланысты әр түрлі деңгейлерді бір бейнеге қоспай, тек оны нақты сақтау арқылы ғана қатысуды жіктеудің ойдан шығарылғанын емес, қисынға келетін шынайысын алынатындығын көрсетті».

Қатысу нысандарының теориядағы басқа түрлері: қылмыстық бірлестік, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым немесе банда мәні бойынша емес әр түрлі авторлардың тек атауларымен ғана ерекшеленеді. Топтарды жіктеу аясында топтан ұйым мен бірлестіктің ерекшелігі — тұрақтылық дәрежесіне байланысты. Бұл жағдайда жоғары немесе төмен субъективтік байланыс дәрежесі өлшем болып табылады.

Қатысу нысандары туралы жалпы ілімнің алғашқы ағымдарының қорытындысы олардың ұсынған өлшемдері субъективтік белгілерге негізделді. Бұл субъективтік өлшемдерге сүйеніп, қатысу нысандарын жіктейтін болсақ, бұл нысандардың өзінің ішінен бірнеше нысандарды бөлуге болады. Яғни бұл нысандарды бірнеше түрге жіктеген сайын жаңа түрлері пайда болады және олар бір-бірімен тектес.

Сонымен қатар қатысу нысандары туралы ілімді басқа ағым аясында Ф.Г.Бурчак ұсынды. Ол қатысуды субъективтік бағытта жіктеуді сынап отырып, қатысу нысандарын бөлу негізіне «арнайы қылмыстық өлшем жеке қатысушылардың жауапкершіліктерін белгілейтін қылмыстық құрамының конструкциясын алу қажет» деп, жіктеудің объективтік өлшемдерін қолданды. Бұл өлшемдердің негізінде Ф.Г.Бурчак қатысудың үш мүшелі нысанын ұсынды:

- 1) күрделі қатысу, қылмыстық құқықтың жалпы бөлімнің институтын бейнелейді.
- 2) ерекше түрдегі қатысу, бұнда қатысушылардың жауапкершіліктері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында тікелей көрсетілген.
- 3) қоса орындаушылық, яғни бұнда топтық қылмыстылық белгілерін қоспайтын, хабарласа отырып әрекет еткен адамдардың әрқайсысы өз әрекеттерімен Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі баптарда көрсетілген қылмыстарды толық немесе жартылай жүзеге асырады.

Ф.Г.Бурчак қоса орындаушылықты және қатысуды Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімі ретінде бөліп, «олар бір-бірінен ерекшеленеді» деп дәлелдеуге тырысты. Оның пайымдауынша, қатысу туралы Жалпы бөлімнің нормасы заңнамалық конструкцияны құрайды, соның құралымен біртектес қылмыстар үшін ұйымдастырушының, айдап салушылардың және көмектесушілердің әрекеттері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген қылмыс құрамының объективтік жағының баламалы сипатына енгізілмейді, тек қатысушылардың арасында рөлдерді бөлумен байланысты күрделі қатысуды бейнелеумен жалпы түрде реттеледі. Бұл жерде Ф.Г.Бурчактың ғылыми жұмысындағы ой-пікірін қолдауға болады, себебі көмектесуші, айдап салушы және ұйымдастырушы деген рөлдерді тиісті фигуралар пайда болғанда бөлу туралы айту негізді. Егерде рөлдер ерекше қатысу нысанын бейнелемесе, онда бұл нысан субъективтік бағыттың жақтастарының ұсынған рөлдерді бөлу арқылы қатысудан ерекшеленбейтіндігін көреміз.

Ф.Г.Бурчак қатысудың жеке нысаны ретінде ерекше түрдегі қатысуды бөледі. Оның пікірінше, ерекше түрдегі қатысу Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген бірнеше түрлерін қамтиды дейді. Сонымен қатар Қылмыстық кодексте көрсетілген үш түрлі топты бөледі, олар: хабарласа отырып, әрекет ететін адамдар тобы, алдын ала сөз байласып, әрекет ететін адамдар тобы, тұрақты қылмыстық ұйым құратын адамдар тобы. Дегенмен хабарласа отырып, әрекет ететін адамдар тобы мен алдын ала сөз байласып, әрекет ететін адамдар тобының айырмашылығы неде екені анықталмай қалып отыр. Біздің ойымызша, бір-бірімен хабарласу мен сөз байласу — бір нысан.

Ф.Г.Бурчактың жазуынша, барлық осы біріккен әрекет оқиғаларына ортақ жауапкершілік жеке қылмыс сияқты тікелей Ерекше бөлімнің баптарымен белгіленген.

Жоғарыдағы айтылған екі бағытты қорытындылайтын болсақ, ұсынылған екі жіктеудің ортақ қисындық кемшілігі бар, яғни авторлармен ұсынылған қатысу нысандарын жіктеудегі өлшемдері субъективтік бағыттағы немесе объективтік бағытты ұстанушылар болсын, олардың ұсынған ерекше белгілері қасиеті бойынша түбінде бір-біріне ұқсас. Осыған байланысты субъективтік бағытты ұстанушыларының жіктеуіндегі қатысудың түрлері түбінде келіп бір-біріне түйіседі. Сонымен қатар, субъективтік бағытты ұстанушылардың және Ф.Г.Бурчактың пікірінше, топтық бірлестіктердің бірігушілік, тұрақтылық дәрежесі белгілі бір топтың ерекше белгісі болып табылады. Алайда бұл белгілер кез келген топтарға тән, соған орай бұл белгілер ерекше белгілер бола алмайды.

Ал жіктеудің объективтік өлшемдерін ұсынған Ф.Г.Бурчактың өлшемдері нысанды философиялық тұрғыдан түсінуге сәйкес келеді, бірақта бұл өлшемдер де мазмұны бойынша өзгермелі және іштей қарама-қайшы.

Әдебиеттерде авторлар қатысудың әр түрлі жіктеулерін қалыптастыруын негіздей келе, сандық қатынаста бірнеше нысандарды ұсына отырып, осы нысандардың барлығына бірдей қатысу анықтамасына философиялық ұғымды нысан қолданады.

Бірақта нысан — объективтік категория, ол объектінің сыртқы бейнесі немесе оның элементтерінің ішкі байланысының бейнесі. Кез келген жағдайда бұл категория әмбебап сапаға иеленіп, қарастырылатын объектінің мазмұнды бөлімін айқындауы қажет.

Н.Г.Ивановтың пайымдауынша, жоғарыда қорытындылауға ұсынылған нысандардың бір де біреуі бұндай сапаны иеленбейді, олардың барлығы бір-бірінен негіз алады немесе істің мәнісінде қиылысады (түйседі). Сонымен қатар бұлардың көпшілігі объективтік элемент болып аталмайды, себебі субъективтік белгілермен шоғырланған. Бұл ереженің әрі қарай дамуынан қылмыстық құқық теориясында сонда да қатаң сынға ұшырамайтын, сондай-ақ теориялық және практикалық мақсатта қызмет ететін қатысудың тиімді нысанының қалыптаспағандығын атайды. Оның пікірінше, бұл құбылыстың қазіргі түсінігінде шындығында қатысу нысаны жоқ, себебі нысан тек жекеше болатын заттың, нақты құбылыстың сыртқы мазмұнын айқындайды. Психологиямен ұсынылған топтық ұғымымен толық өзара байланысты қатысудың тектік ұғымы бар. Бұл жағдай кез келген қатысуды топтық әрекет деп пайымдауға негіз береді. Онда топ өзіне қатысу түсінігін қоса отырып бір уақытта жалғыз-ақ қатысу нысаны аталып, қылмыстық әрекеттің тектік ұғымы ретінде беріледі. Мұнда топ алдын ала сөз байласып және сөз байласпай ұйымдасқан топ болуы мүмкін; топта қоса орындаушылық және сондай-ақ рөлдерді бөлу, топтық әрекеттің беріктілігінің әр түрлі дәрежесі болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, барлық аталған әр түрлік бірыңғай жалғыз-ақ қатысудың нысанын бейнелейтін «топ» ұғымын құрайды. Соның нәтижесінде Қылмыстық кодекске келесі норманы енгізуді ұсынады: «топ қатысу нысаны болып табылады, оның өзге түрі алдын ала келісім бойынша және алдын ала келісімсіз бейнеленген топ, бұнда ұйым қатысады және мұның барлығы шартты түрде болғандықтан, тілек бойынша өзге түрлерін енгізуге болады», — дейді. Автормен қатысу нысанын жіктеудің осындай қатаң логикасы енгізілген. Біздің ойымызша, қатысуды жіктеу негізіне адамдар тобын алу орынсыз, өйткені ол терминологиялық тұрғыда топтық қылмыстарға бағытталған, ал қылмысқа қатысу онымен шектелмейді.

Қылмысқа қатысу нысанын жіктеудің өлшемі ретінде А.Н.Трайнин, А.А.Пионтковский, П.И.Гришаев, Г.А.Кригер қылмысқа қатысушылардың ұйымдасушылық дәрежесін, ал А.А.Герцензон, М.Д.Шаргородский, П.Ф.Тельнов, М.И.Ковалев олардың іс-әрекетінің сипатын, В.Г.Смирнов, В.С.Прохоров болса олардың арасындағы субъективтік байланыстың сипатын, И.П.Малахов әрбір қатысушының жеке рөлін қарауды ұсынады. Қылмысқа қатысу мазмұнын қоғамға қауіпті екі немесе оданда көп тұлғалардың біріккен іс-әрекеті бейнелейтінін ескеріп, келесі қорытынды жасауға болады: қылмысқа қатысу нысандарын жіктеудің объектісі қатысушылардың біріккен қылмыстық іс-әрекеті және соған сәйкес олардың ұйымдастырушылық дәрежесі болып табылады.

Сондықтан қатысудың нысандары мен түрлерін бөлетін ғалымдардың көзқарастары өте орынды. Мәселен, ғалым Г.А.Кригер қатысу түрлері деп қоса орындаушылық пен рөлдерді бөліп, қатысуды түсінді, ал нысан деп алдын ала сөз байласпаған қатысу, алдын ала сөз байласқан қатысу, ұйымдасқан топ және қылмыстық ұйымды түсіндіреді. Көптеген авторлармен жіктеуде қолданылған міндеттік байланысы және ұйымдасушылық дәрежесі бойынша жіктеумен толық келісуге болады. Ғалым Г.А.Кригердің соңынан оның жіктеуін кейбір түрлендірумен В.У.Гузун қолдады. Ол қатысу түрлерінен (қоса орындаушылық пен рөлдерді бөліп қатысуды) орындаушылықты, ұйымдастырушылық іс-әрекетті, айдап салушылықты және көмектесушілікті түр тармағына бөледі. Бұндай пікір өте орынды, себебі біз түбінде қатысу қатысушылардың мінез-құлқының міндеттік ерекшелігіне байланысты әр түрлі дәрежеде біріккен адамдар тобынан бастау алатынын білеміз. Қатысуды қоса орындаушылық деп тану оған тек орындаушыларды қосуды жүктейді, ал рөлдерді бөлумен қатысуды тану орындаушымен қатар басқа да қатысушыларды қосады. Сондықтан оның қатысудың нысандары мен түрлеріне және түрлердің аясында қатысудың түр тармағына (қатысушылар түрлеріне) талдау жасауы орынды.

Сондықтан Г.А.Кригер мен М.И.Ковалевтың жалпы жіктеуін қолдай отырып, бұл ғалымдардың онша мәнді емес келіспеушіліктерін айта кеткен жөн болар. Егер ғалым Г.А.Кригер қатысу түрі

ретінде қоса орындаушылық пен рөлдерді бөліп қатысуды таныса, М.И.Ковалев өзінің жаңа ғылыми жұмысында оларды қатысу нысандарына жатқызады және сонымен бірге ол өзінің шешімін философиялық түсініктер мазмұн және нысанмен негіздеуге тырысады. Бірақта бірнеше тұлғалардың міндеттік ұйымдасушылығы қатысу мазмұны болып табылады, яғни қатысу кезінде қатысу мазмұнын тек біріккен іс-әрекеттің міндеттік емес ұйымдасушылығымен ғана шектеуге болмайды. Аталған негізді теориялық талдаулардың өзінен, әлі де болса қатысу түрлері мен нысандары туралы қай кезде айту керектігі түсініксіздеу. Соған байланысты осы терминологиялық даулы талқылауға нүкте қойып, қатысуда қолданылатын нысан мен түрлерді шартты терминдер деп тану қажет. Өйткені түр қандайда бір белгіден немесе белгілер жинағының базасынан бөлінеді және ол түрдің нысанын бейнелейді. Сондықтан бұдан қоса орындаушылық, рөлдерді бөліп қатысу, алдын ала келісімсіз қатысу және тағы да басқа белгілі түрді білдіріп өздерінің айқындалатын нысанына иеленетіндігі түсіндіріледі, яғни айқындалу нысаны мен түрлері кез келген аталған факторлардың өзіне тән қасиет. Сондай-ақ көбіне нысанды түсіндіру «түр» арқылы анықталады.

Айтылғандарды тұжырымдасақ, 1) қылмысқа қатысу нысандары мен түрлерін формальді логика негізінде бөлу қажет жіктеудің екі негізі, яғни функциялық байланыс пен ұйымдасушылық дәрежесі болғандықтан, элементтері абсолютті ерекшелену екі дербес жіктеу құру керек; 2) Ерекше бөлімде қылмысқа қатысу орны көрінуі үшін көрсетілген қатысу нысандары мен түрлерін жіктеуді тереңдету қажет.

Осы негізде атқарылатын функциясына және іс-әрекеттің ұйымдасушылық дәрежесіне байланысты қатысудың «түрлері» мен «нысанын» екі деңгейлі жіктеу қажеттігін ескеріп, қатысудың теориялық екі тобын бөліп, біреуін «түрлері», келесін «нысаны» деп атауға болады.

Сондықтан да бұл тұрғыда, біздің ойымызша, қатысу түрлерін қатысушылармен қылмыс жасау кезінде орындалатын міндеттердің сипаты бойынша, ал нысанды қатысушылардың бірігу, ұйымдасу дәрежесі бойынша бөлуге болады.

Сонымен бірге қатысуды түрлерге бөлу өте мәнді заңды маңызға иеленеді. Ол тек орындаушының ғана емес, басқа да қатысушылардың жауаптылығын негіздейді және сондай-ақ қатысудың түріне байланысты олардың іс-әрекеттерін саралау ережесі анықталады. Қылмыстық құқық үшін қылмыс жасау кезінде қатысушылармен орындалған міндеттерді анықтау өте қажет. Онсыз заңда қылмысқа қатысушылар түрлері: орындаушы, ұйымдастырушы, көмектесуші, айдап салушыларды бөлу мәнін жоғалтады. Сонымен қатар қылмыстық құқық теориясында барлық авторлар қатысу түрлері мен нысандарына қатысты көзқарастарына тәуелсіз, қоса орындаушылық пен рөлдерді бөліп қатысудың қылмыстық құқыққа белгілі бір маңыздылығы барлығын көрсетіп қандай түрде болса да бөледі. Қылмыстық құқық теориясы функциялық белгісі бойынша қоса орындаушылықты және рөлдерді бөлумен қатысуды бөледі. Біздің ойымызша, қоса орындаушылық пен рөлдерді бөліп қатысудың арасындағы ерекшелік абсолютті түрде қатаң болуы қажет:

- зиян келтіру бойынша іс-әрекет жасауда әрбір қатысушы әрқашанда объективтік жақтың толық немесе бір бөлігін орындайды;
- ұйымдастырушы, көмектесуші, айдап салушы, орындаушы болғанда әрқашанда қатысушылардың әр түрлі функцияларды атқаруы.

Бұл жерде қатысушылардың арасындағы функциялық байланысы әр түрлі болуы мүмкін.

Қорыта келе, субъектілермен орындалатын нақты қылмыстың міндетіне байланысты қатысу қоса орындаушылыққа және рөлдерді бөліп қатысуға бөлінеді деуге негіз бар.

Соған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабының 3-бөлімінде көрсетілгеніндей, ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде қылмысты қоса орындаушылар болып табылатын жағдайларды қоспағанда, жасалған қылмыс үшін жазаны көздейтін бап бойынша, осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасай отырып, тартылады делінген. Бұл жерде біз рөлдерді бөліп қатысудың бар екенін көреміз. Себебі заңшығарушы әр түрлі қатысушылардың түрлерін бөледі. Сондай-ақ бұнда жеке жіктелуімен қоса орындаушылық та берілген. Сондықтан да осы негізде біз заңшығарушы талдап отырған қатысудың екі түрін бөліп көрсеткендігін айтуымызға болады. Бірақ жоғарыда заңшығарушымен берілген ережедегі бір жағдаймен келіспейміз, онда ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші бір мезгілде қылмысты қоса орындаушылар болып табылады делінген. Біздің ойымызша, қатысушылар бір мезгілде, мәселен, ұйымдастырушы және қоса орындаушы бола алмайды.

Қоса орындаушылық деп бірігіп жасалған қылмыстың объективтік жағын толық немесе жартылай жүзеге асыруын айтамыз. Қылмыстың объективтік жағын толық жүзеге асыру деп бірнеше

орындаушылардың әрқайсысының немесе кейбіреулерінің әрекеттерінде қылмыстың объективтік жағының барлық белгілері толық көлемде мазмұндалуын айтамыз. Қылмыстың объективтік жағын жартылай жүзеге асыру деп барлық іс-әрекеттерді кінәлінің еркіне тыс жағдайларға теуелсіз себептер бойынша салдардың болмауына байланысты жүзеге асыру немесе қатысушымен қоғамға қауіпті салдардың туындауына қажетті іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) тек жартысын жасауы танылады.

Рөлдерді бөлісіп қатысу деп басқа қатысушылардың міндеттерінен ерекшелетін өзіне қатысты міндетті орындайтын бірнеше тұлғалардың біріккен іс-әрекетін айтамыз. Рөлдерді бөлісіп қатысуда қатысушылар міндеттері бойынша әр түрлі іс-әрекеттер жасайды. Оның сыртында бұл іс-әрекеттер міндеттері бойынша ғана емес, сонымен бірге олардың жасалу уақыты мен орны бойынша сәйкес келмейді. Қатысудың саралануы тек қатысу түріне (қоса орындаушылық пен рөлдерді бөлісіп қатысуға) байланысты деген орынсыз. Қоса орындаушылықпен қатысу әрқашанда топтық қылмыс және соңғысы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі нормаларынан бастау алады, сондай-ақ онда топтық қылмыс ауырататын мән жай ретінде берілген және Қылмыстық кодекстің 28-бабына сілтемесіз Ерекше бөлім нормасы бойынша сараланады. Ал рөлдерді бөлісіп қатысу топтық қылмыс болып табылмайтындықтан, Қазақстан Республикасының 28-бабына сілтемемен сараланады.

Қатысу нысанына қатысты мұндай бөлудің орынды екені қатысудың ұйымдасушылық дәрежесіне қарай қоғамға қауіптілігі ерекше немесе онша қауіпті емес болуына байланысты тұжырымдалады.

Ұйымдасушылық деп оның элементтерінің өзара байланыс жүйесі құбылысының ішкі тәртіпке салынуын айтамыз. Сонымен бірге осы өзара байланысын қандай элементтер құрайтынын және олардың қаншалықты аз немесе көп уақыт өмір сүруі құрылымның қатандығын түсіну өте қажет. Қатысу жүйе ретінде қатысушылардың (орындаушы, ұйымдастырушы, көмектесуші, айдап салушы) іс-әрекеттерінен олардың міндеттік және субъективтік байланысынан тұрады. Нақ осы байланыстар өзінің жинағында ұйымдасушылықтың деңгейін көрсетеді.

Соған байланысты қатысу түрлері мен нысандары бір медальдің екі жағы сияқты, олар қатысушылардың іс-әрекеттерінің келісімділігі мен бірігушілігін және қоғамға қауіптілігі мен жауаптылықтарының дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін өлшемін білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың көзқарастарын қылмысқа қатысу нысандарының құқықтық сипаттамаларына байланысты басқа да ғылыми жұмыстардағы тұжырымдарды талдау нәтижесінде, қылмысқа қатысу жіктеуін қатысушылардың атқаратын функциясының сипатына және іс-әрекеттерінің бірігу, ұйымдасу дәрежесі бойынша бөлуге болатындығы айқындалды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Козлов А.П.* Соучастие: традиции и реальность. — СПб, М.: Изд-во «Юрид. центр Пресс», 2001. — С. 79.
2. *Гришаев П.И., Кригер Г.А.* Соучастие по советскому уголовному праву. — М.: Юрид. изд-во, 1959.
3. Советское уголовное право. Общая часть. — М.: Юрид. изд-во, 1981. — С. 563.
4. *Иванов Н.Г.* Понятие и формы соучастия в советском уголовном праве. — Саратов: Изд-во Саратов ун-та, 1991. — С. 107.
5. *Тельнов П.Ф.* Ответственность за соучастие в преступлении. — М.: Юрид. изд-во, 1974. — С. 199.